

Мақала туралы мәлімет / Содержание

«ЖАСТАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы

Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых «МОЛОДЕЖЬ И НАУКА: НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ»

The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «YOUTH AND SCIENCE: PRESENT AND FUTURE»

| | |
|-----------------------------|---|
| Жинақ | IV, Атырау, 8/04/2026, 2026 ж. |
| ISBN | 978-601-262-638-4 |
| Секция | СЕКЦИЯ IV. ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ / ЭКОНОМИЧЕСКИЕ И ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ Секция IV.II. Цифрлық технологиялар жағдайындағы құқықтық жүйені дамыту және құқық қолдану тәжірибесі / Развитие правовой системы и практика правоприменения в условиях цифровых технологий |
| Жинақтағы рет нөмірі | № 055 |
| Мазмұндағы беті | 263 |
| Жарияланған беттері | 263-269 |
| Автор(лар) | Даулетова Диана Ерлановна |
| Мақала атауы | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАҒАНДЫҚ СЫН- ҚАТЕРЛЕРГЕ БЕЙІМДЕЛУІ |
| Мазмұндағы жазылуы | Даулетова Д.Е., Нысанова С. К. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАҒАНДЫҚ СЫН-ҚАТЕРЛЕРГЕ БЕЙІМДЕЛУІ |

Ескерту: бет нөмірлері жинақтың соңындағы «МАЗМҰНЫ» бөліміндегі жарияланған беттерге сәйкес берілді.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАҒАНДЫҚ СЫН-ҚАТЕРЛЕРГЕ БЕЙІМДЕЛУІ»

Даулетова Диана Ерлановна

d.dauletova06@gmail.com

«Құқықтану» білім бағдарламасының 2 курс студенті

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қаласы, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор - Нысанова С. К.

Бұл мақала Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің жаһандық сын-қатерлер жағдайында трансформациялану үрдістерін кешенді түрде талдауға арналған. Зерттеу барысында құқықтық жүйенің теориялық негіздері, институционалдық құрылымы және қазіргі заманғы реформалардың негізгі бағыттары қарастырылады. Сонымен қатар, цифрландыру, экологиялық қауіпсіздік жүйесіндегі жаңартулар және олардың құқықтық реттеуге әсері талданады.

Мақалада Қазақстанның құқықтық жүйесінің халықаралық стандарттарға бейімделу ерекшеліктері, заңнамалық жаңғыртулар және құқық қолдану тәжірибесіндегі өзекті мәселелер көрсетілген. Нәтижесінде құқықтық жүйені жетілдірудің перспективалық бағыттары айқындалып, құқық үстемдігін қамтамасыз ету мен құқықтық мемлекетті нығайтуға бағытталған ұсыныстар берілген.

Қазіргі жаһандану кезеңі мемлекеттердің құқықтық жүйелеріне сапалық жаңа талаптар қояды. Әлемдік кеңістікте интеграциялық процестердің тереңдеуі, цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы, трансұлттық қылмыстың күрделенуі және экологиялық дағдарыстар ұлттық құқықтық жүйелердің трансформациялануын объективті қажеттілікке айналдырды.

Жаһандық сын-қатерлердің құқықтық табиғаты олардың мемлекетаралық шекаралардан тыс әсер етуінде көрініс табады. Бұл құбылыстар ұлттық құқықтық жүйелердің дәстүрлі реттеу механизмдерін жеткіліксіз етеді және құқықтың халықаралық нормалармен

үйлесуін талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің жаһандық сын-қатерлерге бейімделуі өзекті ғылыми-теориялық және практикалық мәселе болып табылады.

Жаһандық сын-қатерлер құқықтық жүйенің эволюциялық дамуына тікелей әсер ететін факторлар жүйесін құрайды. Олар құқықтың мазмұнына, құрылымына және функцияларына ықпал етеді. Бұл қауіптердің негізгі ерекшелігі – олардың трансшекаралық сипаты, яғни бір мемлекет шеңберінде шектелмей, бүкіл халықаралық қауымдастыққа ықпал етуінде. Осыған байланысты құқықтық жүйелер тек ұлттық деңгейде емес, сонымен қатар халықаралық құқықтық кеңістікпен өзара байланыста дамуға мәжбүр.

Ең алдымен, қазіргі кезеңдегі негізгі жаһандық сын-қатерлердің бірі – цифрлық трансформация және ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін қарастырайық. Ақпараттық технологиялардың дамуы қоғамның барлық саласын қамтып, құқықтық қатынастардың жаңа формаларын қалыптастырды. Дегенмен, бұл процесс жаңа қауіптерді де туындатты. Киберқылмыс, дербес деректердің заңсыз айналымы, цифрлық алаяқтық және ақпараттық манипуляциялар қазіргі құқықтық жүйелер үшін елеулі қауіп болып табылады. Бұл құбылыстар құқықтық реттеудің дәстүрлі тәсілдерінің жеткіліксіздігін көрсетіп, жаңа құқықтық институттарды қалыптастыру қажеттілігін туындатады.

Екінші маңызды жаһандық сын-қатер – экологиялық дағдарыс. Ірі кәсіпкерліктің қарқынды дамуы салдарынан қоршаған ортаның ластануы, климаттың өзгеруі, табиғи ресурстардың сарқылуы және биоәртүрліліктің азаюы қазіргі әлемнің ең өзекті проблемаларының бірі болып табылады. Бұл мәселелер тек экологиялық емес, сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық және құқықтық сипатқа ие. Экологиялық қауіптер мемлекеттерді тұрақты даму қағидаттарын енгізуге және табиғатты қорғаудың құқықтық механизмдерін күшейтуге мәжбүр етеді. Нәтижесінде экологиялық құқық жаһандық деңгейде қарқынды дамып, халықаралық құқықтың маңызды саласына айналууда.

Үшіншісі – технологиялық даму мен жасанды интеллекттің құқықтық салдары. Жасанды интеллекттің дамуы құқықтық жүйелер алдында жаңа мәселелер туындатады. Алгоритмдердің шешім қабылдаудағы рөлі, деректерді пайдалану шекаралары және жауапкершілік мәселелері құқық теориясында жаңа бағыттардың қалыптасуына себеп болды. Бұл мемлекеттегі құқықтық жүйенің тек реттеуші ғана емес, сонымен қатар технологиялық процестерге бейімделуші жүйе екенін көрсетеді.

Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесі континенттік құқықтық жүйе моделіне жатады. Бұл модельдің негізгі ерекшелігі – құқық нормаларының кодталған түрде болуы және нормативтік актілердің басымдығы. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін құқықтық мемлекет құру жолын таңдады. Конституциялық құрылымның орнығуы, құқықтық институттардың қалыптасуы және заңнамалық жүйенің дамуы осы бағыттағы негізгі кезеңдер болып табылады. Соңғы жылдары жүргізілген реформалар құқықтық жүйені жаңғыртуға және оның тиімділігін арттыруға бағытталды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы құқықтық жүйенің іргелі нормативтік актісі болып табылады. Конституцияда адам құқықтары мен бостандықтарының үстемдігі, құқықтық мемлекеттің қағидалары және биліктің бөліну принципі бекітілген. 2026 жылы 15 наурызда республикалық референдумда жаңа Конституцияның қабылдануы Қазақстанның құқықтық тарихындағы жай ғана заңнамалық жаңарту емес, бұл мемлекеттің жаһандық сын-қатерлер мен цифрлық дәуірдің күрделі талаптарына берген стратегиялық жауабы әрі ұлттық жаңғырудың жаңа бағдары болды. Бұл тарихи құжат еліміздің саяси архитектурасын түбегейлі трансформациялап, билік тармақтары арасындағы тепе-теңдіктің мейлінше әділ әрі тиімді моделін қалыптастыру арқылы қоғам мен мемлекет арасындағы сенімнің жаңа деңгейін айқындап берді. Жаңа Ата Заңның өзегінде адам құқықтарының классикалық түсінігінен бөлек, заманауи киберкеңістіктегі жеке тұлғаның қауіпсіздігі, цифрлық егемендік және жасанды интеллект жағдайындағы этикалық нормалар сияқты инновациялық бағыттар алғаш рет конституциялық деңгейде бекітілді. Сонымен қатар, экологиялық императив пен табиғи ресурстарға иелік етудің жаңа қағидаттары мемлекеттің болашақ ұрпақ алдындағы

жауапкершілігін күшейтіп, тұрақты дамудың берік құқықтық негізін қалады. Бұл реформалар Қазақстанның құқықтық жүйесін халықаралық стандарттармен толық үйлестіріп қана қоймай, геосаяси турбуленттілік жағдайында ұлттық мүддені қорғайтын икемді әрі төзімді механизмге айналдырды. Осылайша, жаңа Конституция – заман ағымына бейімделген, демократиялық құндылықтар мен технологиялық прогресті ұштастырған Әділетті Қазақстанның басты құқықтық тірегі ретінде мемлекеттің жаңа белеске нық қадам басуына жол ашты.

Құқықтық жүйе бірнеше деңгейден тұрады:

- конституциялық құқық;
- салалық құқықтар;
- процессуалдық құқық;
- халықаралық құқық нормалары.

Қазақстан құқықтық жүйесінің ерекшелігі – халықаралық құқықтың ұлттық құқықтан басымдығының танылуы. Бұл қағида халықаралық шарттардың ұлттық заңнамамен үйлесімділігін қамтамасыз етеді.

Қазақстандағы құқықтық реформалар кезең-кезеңімен жүзеге асырылды және олар жүйелі сипатқа ие.

Қылмыстық құқық саласында 2014 жылы жаңа Қылмыстық кодексі қабылданды. Кодексі қылмыстық саясаттың гуманизациялануына бағытталды. Жаза жүйесі сараланып, қылмыстардың қоғамдық қауіптілік деңгейіне қарай жіктелуі нақтыланды. 2025 жылғы 16 қыркүйекте ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасын оңтайландыру мәселелері бойынша кейбір заңнамадағы актілерге өзгерістер енгізу туралы» Заңымен Қылмыстық Кодекске жаңа қылмыс түрлерін, атап айтқанда, жеке адамның еркіндігі мен бостандығына қол сұғатын әрекеттерге қатысты “115-Бап. Сталкинг”, “125-Бап. Некеге тұруға мәжбүрлеу”; дропперлік заңсыз іс-әрекеттерге қатысты “232-Бап. Банктік шотқа, төлем құралына немесе сәйкестендіру құралына қолжетімділікті заңсыз ұсыну, беру және алу, сондай-ақ төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын заңсыз жүзеге асыру”; экономикалық қылмысқа қатысты “214-Бап. Заңсыз коллекторлық қызмет” және тағы да басқа бірқатар баптар енгізілді.

Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінде ақпараттық технологиялар бағытындағы өзгерістер Қылмыстық кодекстегі ақпараттық қылмыстарға арналған нормалар арқылы көрініс тапты. Атап айтқанда, Кодекстің VII- тарауында 205-213 баптар аралығында ақпаратқа заңсыз қол жеткізу, ақпаратты құқыққа сыйымсыз жою немесе өзгерту сияқты әрекеттер, онымен қоса телекоммуникация желілерінің жұмысын бұзу, қылмыстық құқық бұзушылық ретінде танылған.

Қазақстанның заманауи қауіптерге бейімделу стратегиясында сондай-ақ 2025 жылғы 30 желтоқсанда қабылданған «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Заңы ерекше орын алады. Жаһандық экономикалық құбылмалылық кезеңінде қылмыс деңгейінің өсуі — заңды құбылыс. Бұл заң әлеуметтік шиеленістің қылмысқа ұласпауына тосқауыл қоятын «сақтандыру жастығы» рөлін атқарады.

Экологиялық факторлар құқықтық жүйенің дамуына әсер ететін маңызды компоненттердің бірі болып табылады. Экологиялық құқықтың қалыптасуы халықаралық деңгейдегі келісімдер мен конвенцияларға негізделеді. Қазақстан Республикасында 2021 жылы 2 қаңтарда қабылданған Экологиялық кодексі осы бағыттағы институционалдық жаңарудың көрінісі болып табылады. Экологиялық кодекстің концептуалды өзгерістерінің бірі — ластаушының ремедиация жасау міндеті, ол туралы 136 және 139 баптарда нақты айтылады. Бұл нормалардың құқықтық мәнін аңғаратын болсақ, бұрынғы «Ластаушы төлейді» қағидатын негізге ала отырып, экологиялық залал келтірген тұлғаға - келтірілген зиянды заттай нысанда жою талабы қойылды. Егер бұрын кәсіпорын табиғатты бүлдіргені үшін тек бюджетке әкімшілік айыппұл төлеумен шектелсе, жаңа заңнама бойынша ол ластаған аумақты толық тазартып, биологиялық рекультивация жүргізу арқылы қоршаған ортаны бастапқы қалпына келтіруге міндетті. Бұл тетік экологиялық жауапкершілікті фискалдық

құралдан нақты табиғатты қорғау іс-қимылына айналдырып, жауапкершіліктің жаңа деңгейін бекітті.

Сонымен қатар, 113-бабына назар аударсақ, өнеркәсіпті технологиялық тұрғыдан жаңартудың басты құралы ретінде ең үздік қолжетімді техникаларды (ЕҮҚТ) енгізу міндеттемесі бекітілді. Бұл баптың құқықтық мәні — бірінші санаттағы ірі өндіріс орындары үшін заманауи, таза технологияларға көшудің ерікті емес, міндетті заңды талапқа айналуында. ЕҮҚТ-ны енгізуден бас тартқан кәсіпорындарға экологиялық рұқсат берілмейді, ал мұндай рұқсаттың болмауы кәсіпорын қызметін заңсыз деп тануға және оның жұмысын тоқтатуға тікелей негіз болады. Осылайша, қабылданған реформалар мемлекеттің экологиялық стандарттарды қатаң бақылауындағы және өндірістік ластануды түбегейлі азайтудағы басты құқықтық тетігіне айналды.

Цифрлық трансформация жағдайында құқықтық реттеудің жаңа объектілері қалыптасуда. Ақпараттық кеңістіктің дамуы нәтижесінде деректер құқықтық қатынастардың негізгі объектілерінің біріне айналды. Бұл өз кезегінде дербес деректерді қорғау, киберқауіпсіздік және цифрлық құқық институттарының қалыптасуына алып келді. Цифрлық технологиялар құқықтық жүйенің жаңа даму парадигмасын қалыптастырды. Электрондық үкімет жүйесінің енгізілуі мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін арттырды. Қазақстан Республикасында «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында құқықтық қызметтер цифрландырылды. Бұл құқықтық қатынастардың тиімділігін арттырып, құқық қолдану тәжірибесін жетілдіруге ықпал етті.

Цифрландыру құқықтық реттеудің жаңа салаларын қалыптастырды, соның ішінде:

- цифрлық құқық;
- дербес деректерді қорғау;
- электрондық коммерция.

Қазіргі таңда Қазақстанның құқықтық жүйесі технологиялық трансформация мен жаһандық цифрлық сын-қатерлерге жауап ретінде сапалы жаңа деңгейге көтерілді. Бұл бағыттағы ең маңызды қадамдардың бірі — 2025 жылы 17 қарашада «Жасанды интеллект туралы» Қазақстан Республикасының Заңының қабылдануы. Бұл құжат еліміздің технологиялық алпауыттар мен этикалық дилеммалар алдындағы құқықтық қорғаныс шебін анықтап берді.

Заңның ең көрнекті жаңалығы — 17 бапқа сәйкес жасанды интеллект (ЖИ) жүйелерін олардың қоғамға тигізетін әсеріне қарай төмен, орташа және жоғары қауіп-қатер дәрежесіне бөлуі. Бұл — мемлекеттің технологияны жай ғана бақылап қоймай, оның адам өміріне, денсаулығына және конституциялық құқықтарына тигізер залалын алдын ала ескеретін «тәуекелге бағдарланған тәсілді» таңдағанын көрсетеді.

Ал 21-бабы заң азаматтардың «хабардар болу құқығын» бекітеді, яғни кез келген синтетикалық мазмұн арнайы таңбалануы тиіс екенін белгілейді. Сонымен қатар, заңнаманың 23-бабындағы авторлық құқық мәселесі — құқықтық жүйенің авторлар мен шығармашылық иелерін қорғауға бағытталған нақты жауабы. Онда ЖИ-ді оқыту үшін туындыларды пайдаланудың нақты шекаралары белгіленген, бұл зияткерлік меншік нарығындағы теңгерімді сақтауға мүмкіндік береді.

«Жасанды интеллектінің ұлттық платформасының» құрылуы 25-бап бойынша Қазақстанның дербес деректер мен есептеу ресурстарын шоғырландырып, технологиялық тәуелсіздікті қамтамасыз ету стратегиясының көрінісі. Бұл платформа инновацияларды залалсыздандырушы рөлін атқарады.

2025 жылы 17 қарашада қабылданған «Жасанды интеллект туралы» Заң — Қазақстанның жаһандық цифрлық бәсекеге қабілеттілігін арттырып қана қоймай, заң үстемдігін жаңа технологиялық шындыққа бейімдейтін іргелі құжат. Бұл заңнамалық база құқық қорғау жүйесінің ашықтығын, қауіпсіздігін және адам құқықтарының мызғымастығын жаңа цифрлық дәуірде де қамтамасыз ете алатынын дәлелдейді.

Қазақстан Республикасының заңнамалық жүйесіндегі келесі стратегиялық маңызды қадам — биыл 2026 жылы 9 қаңтарда Цифрлық кодекстің қабылдануы. Бұл құжат

цифрландыруды жай ғана техникалық процесс деңгейінен жүйелі мемлекеттік саясат деңгейіне көтерді. Кодекстің 16-тарауында бекітілген «Цифрлық трансформация» ұғымы мемлекеттік аппараттың жұмыс істеу принципін түбегейлі өзгертті. Цифрлық трансформация — бұл мемлекеттік басқарудың, экономиканың немесе қоғамдық қатынастардың барлық аспектілеріне цифрлық технологияларды жүйелі түрде енгізу арқылы процестерді түбегейлі қайта құру және олардың тиімділігін арттыру процесі. Кодекстің 93-бабына сәйкес, цифрлық трансформацияның негізгі мақсаты — мемлекеттік қызметтерді проактивті форматқа ауыстыру. Бұл дегеніміз — азамат өтініш бергенін күтпей-ақ, оның өмірлік жағдайына (бала туылуы, зейнетке шығуы және т.б.) байланысты қызметтердің автоматты түрде ұсынылуы. Кодекс деректерді талдау негізінде шешім қабылдауды міндеттейді, бұл бюрократияны азайтудың басты құралына айналды деп есептеу де қате емес.

Заңнаманың 95-бабында алғаш рет Цифрлық даму индексі ұғымы енгізілді. Бұл — мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектордың технологиялық дайындығын өлшейтін кешенді көрсеткіш. Жыл сайынғы бұл бағалау мемлекеттік органдардың цифрландыру бағдарламаларын жай ғана қағаз бетінде қалдырмай, нақты іске асыруына құқықтық мәжбүрлеу тетігі болып табылады.

Цифрлық кодекстің 6-бөлімі толығымен қауіпсіздік мәселелеріне арналған. Оның ішінде екі басты бағытты айта кетсем:

- Киберқауіпсіздік аудиті: Цифрлық объектілердің сапасы мен қауіпсіздігіне міндетті және бастамашылық аудит жүргізу талаптары бекітілген.

- ЖИ жүйелерінің аудиті: Жасанды интеллект модельдерін оқыту үшін қолданылатын деректердің заңдылығы мен этикалық нормаларға сай келуі Кодекс деңгейінде бақыланады.

Кодекс Қазақстанның жаһандық цифрлық кеңістіктегі орнын айқындайды. 103-бапқа сәйкес, халықаралық деңгейдегі ынтымақтастықтың мақсаты — киберқылмыспен және цифрлық алаяқтықпен күрес. Бұл жаһандық деңгейдегі трансшекаралық қауіптерге қарсы тұру үшін құқықтық негізді қалайды.

Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесі келесі стратегиялық бағыттар бойынша дамуда:

- цифрлық құқықтың дамуы;
- құқықтық жүйенің халықаралық стандарттарға сәйкестенуі;
- сот жүйесінің толық тәуелсіздігі;
- құқық қолдану практикасын жетілдіру;
- құқықтық мәдениетті арттыру.

Бұл бағыттар құқықтық мемлекеттің нығаюына және қоғамдағы құқық үстемдігін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Жүргізілген талдау Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесі жаһандық сын-қатерлер жағдайында эволюциялық және бағытталған трансформация кезеңінен өтіп жатқанын көрсетеді. Цифрландыру, экологиялық қауіпсіздік, трансұлттық қылмыс және халықаралық интеграция сияқты факторлар ұлттық құқықтық жүйенің мазмұны мен құрылымына тікелей әсер етуде. Осыған байланысты Қазақстан құқықтық саясатты жаңғырту, заңнаманы жүйелеу және құқық қолдану практикасын жетілдіру арқылы бейімделу стратегиясын іске асыруда.

Сонымен қатар, қабылданған реформаларға қарамастан, құқықтық жүйенің тиімділігі тек нормативтік базамен емес, оны іске асыру сапасымен айқындалатыны байқалады. Сондықтан құқықтық мемлекетті нығайту үшін институционалдық және функционалдық деңгейде кешенді шаралар қажет.

Осы тұрғыда субъективті тұрғыда құқықтық жүйені жетілдірудің негізгі перспективалық бағыттарын ұсынғым келеді:

-Құқық үстемдігін қамтамасыз ету механизмдерін күшейту қажет. Бұл, ең алдымен, сот билігінің шынайы тәуелсіздігін қамтамасыз етуді, судьяларды іріктеу мен бағалау жүйесінің ашықтығын арттыруды және сот актілерінің орындалуын тиімді бақылауды талап етеді. Құқық

үстемдігі тек заңдардың болуымен емес, олардың әділ және біркелкі қолданылуымен өлшенеді.

-Құқық қолдану практикасының біркелкілігін қамтамасыз ету маңызды. Қазақстанда заңдардың жиі өзгеруі мен әртүрлі түсіндірілуі құқықтық анықтылық қағидасын әлсіретуі мүмкін. Осыған байланысты Жоғарғы соттың нормативтік қаулыларының рөлін күшейту, құқықтық түсіндірудің бірыңғай стандарттарын қалыптастыру қажет.

-Цифрлық құқықты жүйелі түрде дамыту қажет. Бүгінгі уақытта жасанды интеллект, үлкен деректер, блокчейн технологиялары арқылы құқықтық реттеуді талап ететін жаңа салаларды қалыптастыруда. Қазақстан бұл бағытта дербес деректерді қорғау, киберқауіпсіздік және цифрлық мәмілелерді құқықтық қамтамасыз ету бойынша кешенді заңнамалық база қалыптастыруы тиіс.

-Экологиялық құқықты күшейту өзекті бағыттардың бірі болып табылады. Экологиялық қауіптердің жаһандық сипатын ескере отырып, Қазақстан тұрақты даму қағидаларын құқықтық деңгейде бекітіп, экологиялық жауапкершілікті арттыруы қажет. Бұл ретте «ластаушы төлейді» қағидатын тиімді іске асыру және экологиялық бақылауды цифрландыру маңызды.

-Халықаралық құқықпен үйлесімділікті тереңдету қажет. Қазақстан халықаралық ұйымдардың толыққанды қатысушысы ретінде халықаралық шарттарды ұлттық заңнамаға тиімді енгізіп, құқықтық реттеудің сапасын арттыруы тиіс. Бұл инвестициялық тартымдылықты арттыруға және құқықтық сенімділікті күшейтуге ықпал етеді.

-Құқықтық мәдениетті арттыру және құқықтық сананы қалыптастыру ұзақ мерзімді стратегиялық міндет болып табылады. Құқықтық сауаттылықтың төмендігі құқықтық нормалардың тиімді жүзеге асырылуына кедергі келтіреді. Сондықтан құқықтық білім беруді жетілдіру, халық арасында құқықтық ағартушылық жұмыстарын жүйелі жүргізу қажет.

-Мемлекеттік басқаруды құқықтық цифрландыруды тереңдету қажет. Электрондық үкімет жүйесін жетілдіру, мемлекеттік қызметтерді толық автоматтандыру және ашық деректер саясатын дамыту сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесі жаһандық сын-қатерлерге жауап ретінде жүйелі түрде дамып келеді. Алайда оның тиімділігі құқықтық нормалардың сапасымен қатар, олардың нақты жүзеге асырылу деңгейіне байланысты. Ұсынылған бағыттарды іске асыру құқық үстемдігін нығайтуға, құқықтық мемлекетті қалыптастыруға және Қазақстанның халықаралық құқықтық кеңістіктегі орнын күшейтуге мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Юрист, 1995 (өзгерістер мен толықтырулармен).
2. Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексі. – Астана, 2026 жылғы 9 қаңтар.
3. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі. – Астана, 2021 жылғы 2 қаңтар.
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. – Астана, 2014 жылғы 3 шілде.
5. Қазақстан Республикасының «Жасанды интеллект туралы» Заңы. – Астана, 2025 жылғы 17 қараша.
6. Қазақстан Республикасының «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Заңы. – Астана, 2025 жылғы 30 желтоқсан.
7. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасын оңтайландыру мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер енгізу туралы» Заңы. – Астана, 2025 жылғы 16 қыркүйек.
8. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. – Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген.
9. Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасы (2030 жылға дейінгі кезеңге арналған). – Астана.
10. Нысанбаев А. Жаһандану және Қазақстанның орнықты дамуы. – Алматы, 2002.
11. Ишанғалиев Ш. Цифрлық құқық – заман талабы // Мақат тынысы. – 2026.

12. Сейлханов А.А. Қазақтың дәстүрлі құқықтық жүйесі // Молодой ученый. – 2014.